

«Нархоз Университеті» АҚ

ӘОЖ 657.6:336.71

Қолжазба құқығында

ЛАМБЕКОВА АЙГЕРИМ НУРЛАНОВНА

**Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктеріндегі ішкі аудит
жүйесін жетілдіру**

6D050800 – Есеп және аудит

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін жазылған диссертация

Ғылыми кеңесшілері:
Э.Ғ.К., доцент, PhD доктор, Нургалиева А.М.,
PhD доктор, Петр Хайек

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2019

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	3
АНЫҚТАМАЛАР	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР	5
КІРІСПЕ	6
1 ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙЛІ БАНКТЕРДІҢ ІШКІ АУДИТ ЖҮЙЕСІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ	11
1.1 Ішкі аудит жүйесін қалыптастырудың теориялық негізі және оның даму тенденциясының моделі	11
1.2 Екінші деңгейлі банктердегі ішкі аудит: құрылымы және қатысушылары	22
1.3 Екінші деңгейлі банктердегі ішкі аудиттің қазіргі жағдайы	30
1 - бөлім бойынша тұжырымдама	38
2 ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙЛІ БАНКТЕРДІҢ ТӘУЕКЕЛГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ІШКІ АУДИТ ЖҮЙЕСІН ТАЛДАУ	39
2.1 Ішкі аудиттің негізгі объектісі ретінде ЕДБ несиелік портфелін бағалау	39
2.2 Ішкі аудит - банктің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету құралы	49
2.3 Ішкі аудитті жүргізілу үрдісінде тәуекелге бағытталған әдістің қолданылу ерекшеліктері	70
2 - бөлім бойынша тұжырымдама	85
3 ЕКІНШІ ДЕҢГЕЙЛІ БАНКТЕРДЕ ІШКІ АУДИТТІҢ ТӘУЕКЕЛГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ЖҮЙЕСІН МОДЕЛЬДЕУ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ	87
3.1 Несиелік тәуекелді төмендету құралы ретіндегі ішкі аудиттің әдістемелік моделі (Logit модель)	87
3.2 Тәуекелге бағытталған аудиторлық тексеруді рәсімдеу және ішкі аудит жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар	102
3 - бөлім бойынша тұжырымдама	123
ҚОРЫТЫНДЫ	124
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	128
ҚОСЫМШАЛАР	136

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста келесідей нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылған:

Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н. Ә. Назарбаевтың 2018 жылғы 5 қазандағы «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Қазақстан халқына жолдауы.

ҚР президенті – елбасы Н.Ә. Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсанындағы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан халқына жолдауы.

«Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы № 234–III Қазақстан Республикасының Заңы (03.07.2019 берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

Аудиторлық қызмет туралы Қазақстан Республикасы 1998 жылғы 20 қарашадағы № 304–I Заңы (03.07.2019 берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

Ішкі аудиттің кәсіби тәжірибесінің халықаралық негіздері. Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттары (2016 жылы жаңартылған).

Акционерлік қоғамдар туралы 2003 жылғы 13 мамырдағы № 415 Қазақстан Республикасының Заңы (03.07.2019 берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы Қазақстан Республикасының 1995 ж. 31 тамыздағы № 2444 Заңы (03.07.2019 берілген өзгерістер мен толықтырулармен).

Халықаралық Қаржылық Есептілік Стандарты (IFRS) 9 – «Қаржы Кұралдары» 2014 жылдың шілдесінде қолданысқа енгізуге ұсынған.

АХС 300 «Қаржылық есептіліктің аудитін жоспарлау» стандарты 2009 жылдың 15 желтоқсанынан қолданысқа енгізілген.

АХС 610 «Ішкі аудиторлардың жұмысын пайдалану» стандарты (2014 жылдың 15 желтоқсанынан күшіне енген) ішкі аудиторлардың жұмысын пайдалану бойынша стандарты.

Банкті қадағалау жөніндегі Базель комитетінің ұсыныстары «Банктердегі ішкі аудит пен қадағалау бөлімдерінің өзара қарым-қатынасы» (Базель, 2001 жылғы тамыз).

Банкті қадағалау жөніндегі Базель комитетінің ұсыныстары «Корпоративтік басқаруды жетілдіру принциптері» қазан 2010 жылдан бастап енгізілген.

Банкті қадағалау жөніндегі Базель комитетінің ұсыныстары «Несие тәуекелдерін есепке алу» қаңтар 2019 жыдан бастап енгізілген.

«Пруденциалдық қалыптардың қалыптық және өзге де орындалуы міндетті нормалар мен лимиттерді маңызы мен есептеу әдістемелерін, белгілі бір күнге шекті банк капиталының мөлшерін және Ашық валюталық позицияларды есептеу қағидалары мен олардың лимиттерін белгілеу туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысына өзгеріс енгізу туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2019 жылғы 18 наурыздағы № 36 қаулысы.05.04.2019.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Ішкі аудит жүйесі – бұл ұйымда тексеру қызметі ретінде құрылған тәуелсіз бағалау қызметі. Ол арқылы бақылаудың басқа түрлерінің тиімділігін зерттейді және бағалайды.

Ішкі бақылау – бұл қызметтердің тиімділігін және қаржылық есептіліктің шынайылығын қамтамасыз етумен байланысты міндеттердің орындалуы бойынша ақпараттарды алу мақсатында банктің басқару органымен және тиісті қызметкерлерімен жүзеге асырылатын үрдіс болып табылады.

Аудит объектісіне тән (қатысты) тәуекел – бұл ішкі бақылау жүйесі мен тәуекелді төмендету бойынша құралдар жеткілікті болмағанда тексерілетін аудит объектілерімен байланысты қалыпты тәуекел деңгейі.

Қалдық тәуекелі – бұл басқару рәсімдерін, тәуекелді төмендету құралдарын қолданғаннан кейін тексерілетін аудит объектісіне тиісті тәуекел деңгейі.

Аудиторлық іріктеу – іріктеудің барлық бірліктері іріктеу үрдісіне қатыса алатындай етіп, операциялар тобы немесе есептіліктің бір бабы шегінде 100%-дан аспайтын элементтерге аудиторлық шараларды қолдану.

Ішкі аудиторлық ұсыныстар – бұл ішкі аудитор жұмысының нәтижесі, сәйкесінше қызметтер жоспары – бұл тексерілетін тараппен ұсыныстарды орындау үшін іске асыруға тиісті іс-шараларының тізімі.

Logit model – бұл қарапайым регрессиялық талдау әдістерінде қолданылмайтын эконометрикалық модель. Оның басқа модельдеуден айырмашылығы тәуелді айнымалы мәндердің шектеулі санын ғана қабылдай алады, мысалы — 0 немесе 1.

Мәтіндік талдау – сандық бағалау, аффективті жағдайлар мен субъективті ақпаратты зерттеу үшін табиғи тілді өндеуді біріктіреді. Сонымен қатар мәтіндік талдауды, компьютерлік лингвистиканы, биометрияны қолдануды білдіреді.

Word2vec құралы - мәтіндік корпуста кіретін мәліметтер ретінде қабылдайды және векторларды нәтиже ретінде шығару

Дефолт – дегеніміз дефолт қарыз алушының банк алдындағы төлем міндеттемелерінің бұзылуын, қарыз міндеттемелері бойынша уақтылы төлем жүргізуге немесе қарыз шартының талаптарын орындауға қабілетсіздігін білдіреді.

Аудитті жоспарлау – аудиттің стратегиясы мен тактикасын, тексеру көлемін айқындаудан, жалпы жоспарды құрудан, бағдарламаны және нақты аудиторлық рәсімдерді әзірлеуден тұратын міндетті кезеңдердің бірі.

Аудиторлық бағдарлама – аудиторлық жоспарды орындау барысында қажетті аудиторлық рәсімдердің мазмұнының тізімі. Бағдарлама аудиторлық топтың басшысына жұмыс сапасын бақылау ретінде қолданылатын және аудиторлардың көмекшілері үшін бағыт алу бойынша нұсқаулық болып табылады.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

АҚ	Акционерлік қоғам
АХС	Аудиттің халықаралық стандарттары
ХҚЕС	Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары
ІАКТХН	Ішкі аудиттің кәсіби тәжірибесінің халықаралық негіздері
ІАХКС	Ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттары
ІАЖ	Ішкі аудит жүйесі
ЖШС	Жауапкершілігі шектеулі серіктестік
ҚР ҰБ	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі
ЕДБ	Екінші деңгейлі банктері
LGD	Дефолт болған жағдайдағы зиян көлемі
EAD	Дефолт болған жағдайдағы тәуекел сомасы
PD	Дефолт ықтималдылығы
ҚДБ	Қазақстан даму банкі
ІАК	Ішкі аудит көлемі
ІАС	Ішкі аудиттің кәсіби стандарты
NPL	Жұмыс істемейтін несиелер портфелі (ағылшын тілінен аударғанда: non — performing loan, сөзбе-сөз – «жұмыс істемейтін несие» деген мағынаны білдіреді)
NPL>90	90 күннен артық жұмыс істемейтін несиелер портфелі
k3	Банкпен белгілі бір қатынастағы емес (инсайдерлер) бірнеше несие алушыға тәуекелдің максималды мөлшерінің коэффициенті
ТБЖЖ	Тәуекелге бағытталған жылдық жоспар
ТБ	Тәуекелдерді бағалау
Smart PLS	Меншікті ең аз квадраттар траекториясын модельдеу
3	
R	Статистикалық есептеулер мен ақпараттарды модельдеу құралы
COSO	Тредуея комиссиясының демеуші ұйымдар комитеті (Committee of Sponsoring Organizations of the Treadway Commission)
CRO	Тәуекелдерді басқару бөлімшесі
CFO	Қаржыны басқару бөлімшесі
AT	Ақпараттық технологиялар
AVE	Орташа дисперсия (Average variance extracted)
SEM	Құрылымдық теңдеулерді модельдеу

КІРІСПЕ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай ішкі аудит жүйесі үнемі жетіліп келеді және тексеру қызметі заңнаманың сақталуымен есептіліктің шынайылығын тексерумен шектелмейді. Ол ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін, тәуекелдерді басқаруда қолданылатын әдістемелердің сенімділігін тексеру, оларды талдау және оны бағалау мен жетілдіру бойынша нұсқаулар береді. Ішкі аудиторлық жүйе тұтастай алғанда банктің жекелеген бөлімшелерінің қызметін бағалап, банкішілік регламенттер мен операцияларды орындау рәсімдерін сақтауды тексерумен байланысты болып келеді. Бүгінгі таңда банкті қадағалау бойынша Базель комитеті ішкі аудит жүйесінің қызметіне аса көп назар аударуда.

Қаржы саласындағы дағдарыстық құбылыстар, сонымен қатар ақша – несиелік операцияларының алуан түрлілігі ЕДБ-де ішкі аудиторлық тексерудің заманауи әдістемелерінің бар болуын талап етеді. Қойылған талаптар бойынша директорлар Кеңесіне банктің ағымдағы қызметінің жағдайы туралы объективті ақпараттар беріп, құрылымдық бөлімшелер басшыларының деректері мен есептілігінің дұрыстығын растап, сенімді бақыланатынына кепілдік береді.

Дамыған елдердегі ішкі аудит жүйесі банктердің ақша – несиелік саясатын жүргізу саласындағы іс-әрекетінің тұрақты жұмыс істеуін және бухгалтерлік есептің талаптарына сәйкес жүргізілетінін қамтамасыз етеді.

«Қазақстан – 2050. Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» жолдауында банктер экономиканың нақты секторын қажетті несиелік ресурстармен қамтамасыз ету тиіс екендігі нақты көрсетілген. ЕДБ – тер өздерінің баланстарын жұмыс істемейтін қарыздардан тазартып, қорландыру мәселелерімен толық айналысуы қажет. Осыған байланысты банк жүйесін бақылауды күшейтуде бағытталған жұмысты жандандыра түсу қажет [1].

ЕДБ-дің жолдауда көрсетілген сұрақтарды шешуінде ішкі аудит жүйесінің алатын орны зор. Осы орайда заманауи ақпараттық технологиялармен Big Data, digital-ортаға көшу технологияларымен байланысты тәуекелдер, қаржылық есептілік бойынша бұрмалаулар және бәсекелестіктің артуы айтарлықтай өзгерістерге әкелді. 610 «Ішкі аудиторлардың жұмысын пайдалану» халықаралық аудит стандартына сәйкес сыртқы аудиторлар банктің ішкі есептілік жағдайын білу мақсатында ішкі аудиторлардың қорытындылары мен көмегіне жүгінеді [2].

Сонымен қоса 9 «Қаржы құралдары» ХКЕС (IFRS) бақылау мен тексерудің тиісті оңтайлы әдістері мен құралдарын үнемі іздеуді талап етеді. Банктегі бақылау - бұл ЕДБ пен оның филиалдарында қаржы-шаруашылық қызметін үнемі қадағалау, мерзімді тексеруді, жұмысты ұйымдастыруды қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар кешені болып табылады. Осы орайда екінші деңгейлі банктердің ішкі аудит жүйесі бақылаудың міндетті құралы болып табылады.

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, қатаң бәсекелестік жағдайында қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету мен табысқа жетудің басты құралы - тиімді басқару болып табылады. Басқарудың тиімділігі экономикалық қатынастардың

кез келген субъектісі үшін үлкен мәнге ие. ЕДБ-нің жұмыс істеу тетігіндегі оның алатын рөлі ерекше, себебі жоғары тәуекел жағдайларында кез келген басқару қателігі ірі шығындарға әкеледі. Сонымен қоса, өтімділіктің төмендеуіне, төлем қабілеттілігінің жоғалуына, ал ол нәтижесінде банкроттыққа әкеп соқтыруы мүмкін.

Осыған байланысты тиімді басқаруды ұйымдастыру маңызды болып саналады, оның ажырамас бөлігі – ішкі аудит жүйесі болып табылады. Мұндай жағдайларда ішкі аудит қызметінің әрекетін неғұрлым жүйелі және инновациялық тәсіл жағына бағытталуы туралы мәселе туындайды. Ішкі аудитпен қолданылатын тексеру үрдістерін басқару арқылы неғұрлым терең талдау мен бағалау қажеттілігі артады.

Осыған сәйкес екінші деңгейлі банктердің ішкі аудит жүйесін жетілдіру ішкі аудиттің заманауи бағыттарын қолданудың өзектілігін айқындайды.

Мәселені зерделеу дәрежесі. Ішкі аудит жүйесін ұйымдастыру және оның әдіснамасы бойынша зерттеулер келесідей шетелдік ғалымдардың еңбектерінде бейнеленген: С. А. Smith., В. Henry Fernald., N. C. Churchill., W. W. Cooper., Р. Додж., В. П. Суйц., С.М., Бычкова., В.Д. Андреев., О.Б., Иванов., Andrew D. Chambers, I.Wilkes, , I.Bien., Ж.А. Кеворкова.,Т., Bellotti Crook J., Onali E., Ginesti G., Beatty A., Liao S., Bushman R.M., Williams C.D., Б.И. Лисак., М. Sorge., J. Pesola., Yavuz S.T., Груздев А.В., Алескеров Ф.Т., А. Н. Кизилов, А.А Волков., және т.б.

Ішкі аудит қажеттілігінің теориялық негіздемелері және оның аспектілері келесідей отандық ғалымдардың жұмыстарында берілген: М. С. Ержанов, К.Ш. Дюсембаев, С.Х. Кошкимбаев, С.Ж. Жақыпбеков, С.Т. Миржакыпова, Э.О. Нурсеитов, Д. О. Абленов, Г.С. Бердибекова, Н.А. Құдайбергенов, Р.Ө. Рахметова, С.К.Барышева.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты қазіргі заманғы талаптар, аудиттің халықаралық стандарттары мен қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарының өзгерістеріне бейімделуіне негізделе отырып, ішкі аудиттің теориялық, ұйымдастырушылық және әдістемелік аспектілерін әзірлеу, жетілдіру және оны тәжірибеде қолдануға ұсыну болып табылады.

Зерттеу мақсатына қол жеткізу үшін жұмыс жоспарына сәйкес өзара байланысты келесідей **міндеттерді** орындау қажет:

- банктегі ішкі аудит ұғымының теориялық аспектілерін жүйелендіруге мүмкіндік беретін заманауи теориялық және практикалық тәсілдерді зерттеп, жалпыландырып, «банктегі ішкі аудит» және «банктің ішкі аудит жүйесі» ұғымдарына толықтырылған авторлық анықтама беру;

- ҚР екінші деңгейлі банктерде ішкі аудит жүйесінің қазіргі жағдайына зерттеу жүргізу және негізгі даму бағыттарын айқындау;

- екінші деңгейлі банктердегі ішкі аудиттің банк қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуімен байланысты негізгі мәселелерін, несиелік портфелін талдау және жүргізілген сауалнама қорытындысы бойынша банктерде тәуекелге бағытталған ішкі аудит жүйесінің жалпы қаржылық нәтижеге ықпалын анықтау арқылы концептуалдық құрылымдық моделін құрастыру;

– екінші деңгейлі банктердің несиелік портфелін ішкі аудиторлық тексеру үрдісінде тәуекелге бағытталған әдіснаманы жасақтау;

– несие алушының дефолт ықтималдылығын бағалауға мүмкіндік беретін модельдің қолданылуын негіздеу және несиелік тәуекелді төмендету мақсатында несие алушының дефолт ықтималдылығын модельдеу арқылы бағалауды ішкі аудиттің жұмыс жоспары мен бағдарламасына енгізуді ұсыну.

Диссертациялық зерттеудің жұмыс гипотезасы Екінші деңгейлі банктердің тәуекелге бағытталған ішкі аудит жүйесі мен несие алушылардың дефолт ықтималдығын бағалау банктердің қаржылық тұрақтылығына әсер етеді.

Зерттеудің объектісі ҚР екінші деңгейлі банктердегі ұйымдастырылған ішкі аудит жүйесі болып табылады.

Зерттеу пәні – ҚР екінші деңгейлі банктерінде ұйымдастырылған ішкі аудиторлық тексерумен байланысты теориялық әдіснамалық және ұйымдастыру әдістемелік қатынастардың жиынтығы.

Зерттеудің теориялық-әдістемелік негізі ретінде банктегі ішкі аудит жүйесі бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың әдебиеттер мен басылымдарда ұсынылған ғылыми еңбектері, тәжірибелік тұжырымдамалары алынды.

Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасының нормативтік-заңнамалық актілері мен құқықтық құжаттарының, оның ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, сондай-ақ, әлемдік банктердің ішкі аудит жүйесі мәселелері бойынша ережелеріне негізделеді.

Зерттеудің әдіснамалық базасы ғылыми теориялар мен зерттеу әдістері, соның ішінде талдау және синтез, индукция және дедукция, үдерістерді бағалаудың логикалық және кешенді тәсілдері, жүйелеу және жіктеу, сондай-ақ, моделдеу болып табылады. Зерттеу барысында сараптамалық сауалнамалар жүргізіліп, статистикалық, аналитикалық әдістер және жинақталған мәліметтерді өңдеуге R, Smart PLS 3 статистикалық бағдарламалары қолданылды.

Зерттеудің ақпараттық базасы ретінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісінің нормативтік-заңнамалық актілері және екінші деңгейлі банктердің статистикалық деректері мен ресми материалдары қарастырылды. Зерттеудің негізі ретінде ішкі аудит жүйесі, ішкі бақылау, тәуекелдерді басқару, тұтастай алғанда, банк саласында, ішкі аудит жүйесін дамыту мәселелері бойынша шетелдік және отандық ғалымдардың жұмыстары қолданылды.

Ғылыми жаңалығы. Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы келесідей ғылыми нәтижелермен расталады:

– ішкі аудит ұғымына қатысты теориялық және әдістемелік зерттеулерді жинақтау негізінде және ғылыми зерттеулерді модельдеуге байланысты R статистикалық пакеттік бағдарламасында жоғары деңгейдегі журналдардағы 240 ғылыми мақалалар өңделіп, «банктегі ішкі аудит» және «банктің ішкі аудит жүйесі» ұғымдарына толықтырылған анықтама берілді;

– ішкі аудиттің халықаралық кәсіби стандарттары және ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» талаптары, сонымен қатар банктердің ішкі аудиторлар

арасында жүргізілген эксперттік сауалнама негізінде банкте ішкі аудиторлық тексеру жүргізудің тәуекелге негізделген бағытын қолдану ұсынылды;

- ғылыми жұмыс гипотезасына сай ЕДБ-дің ішкі аудиторлары арасында жүргізілген сәйкес сауалнама және несиелік портфельді талдау нәтижелері бойынша Smart PLS 3 статистикалық бағдарламада тәуекелге бағытталған ішкі аудит жүйесінің концептуалдық құрылымдық моделі құрастырылды. Ол – тәуекелге негізделген ішкі аудиттің қандай тәуелсіз айнымалылар (ішкі аудит көлемі, ішкі аудит стандарты, несие тәуекелін бағалау, ішкі аудиттің тәуекелге бағытталған жылдық жоспары, тәуекелдерді басқару) арқылы банктің қаржылық тұрақтылығына қол жеткізетіндігін көрсетеді;

- несиелік портфельді ішкі аудиторлық тексеру барысында тәуекелге бағытталған аудиторлық тексерудің артықшылығы анықталып, тәуекелге бағытталған аудит процедуралары бойынша несиелік тәуекелдерді тексеру әдіснамасы ұсынылды;

- ішкі аудиторлық тексерудің тиімділігін арттыру мақсатында және несие алушының дефолт ықтималдылығын бағалауға мүмкіндік беретін Logit моделін қолдану негізделді және берілген модельдің негізінде ұйымдардың дефолт жағдайын бағалауда ішкі аудиттің жұмыс жоспары мен бағдарламасына енгізу жасақталды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдамалар. Зерттеу жұмысының нәтижелері негізінде қорғауға келесідей тұжырымдамалар ұсынылады:

- банкті басқарудың маңызды құралы ретінде ішкі аудит жүйесінің тиімділігін арттыратын, ішкі бақылау жүйесін бағалау мен оны жетілдіру бойынша тиімді пікір беруге бағытталған «банктегі ішкі аудит» және «банктің ішкі аудит жүйесі» ұғымдарына толықтырылған авторлық анықтамалар берілді;

- қазіргі кездегі банк саласындағы тәуекелдердің, аудиторлық стандарттар шарттарының ұлғаюымен байланысты ішкі аудит жүйесінің жағдайын талдау нәтижесінде тәуекелдерді бағалау мен басқарудың тиімді құралы ретінде автормен тәуекелге негізделген ішкі аудит бағыты негізделді;

- Smart PLS 3 статистикалық пакеттік бағдарламасы бойынша банктің несиелік портфелін талдау негізінде қаржылық жағдайын тұрақтандыруға ықпал ететін тәуекелге бағытталған ішкі аудиттің концептуалдық құрылымдық моделі құрастырылып, әсер етуші факторлар (айнымалылар) анықталды;

- автормен несиелік тәуекелдерді бағалау мен басқаруды қамтитын тәуекелге бағытталған ішкі аудиторлық тексерудің әдіснамасы берілді;

- несиелік портфельді және онымен байланысты тәуекелді анықтау, оларды төмендетуге бағытталған несие алушының дефолт ықтималдылығын бағалау бойынша Logit модельдің қолданылуы негізделіп, ішкі аудиттің жұмыс жоспары мен бағдарламасына дефолт ықтималдылығын бағалауды енгізу ұсынылды.

Зерттеудің теориялық маңыздылығы банктерде ішкі аудитті ұйымдастыру және тұжырымдамасының мәні мен мазмұнын ашатын теориялық тәсілдерді жалпылау болып табылады.

Тәжірибелік маңыздылығы Қазақстан Республикасының екінші деңгейлі банктерінің ішкі аудит жүйесін жетілдіру бойынша ұсыныстар жиынтығын

калыптастырумен анықталады. Жеке қорытындыларды, нәтижелерді, модельдерді екінші деңгейлі банктің ішкі аудит жүйесін жетілдіруде, сонымен қоса ҚР ұйымдарында ішкі аудит жүйесін тиімді жүргізу кезінде қолдануға болады. Сонымен қатар, жоғарғы оқу орындарында «Есеп және аудит» мамандығының студенттеріне арналған «Аудит», «Банктегі есеп және есептілік» «Практикалық аудит», пәндерінің оқулық-әдістемелік кешендерін дайындауда пайдалануға болады. Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде осы пәндерді оқыту тәжірибесінде қолданылып, енгізу актісімен расталды (Қосымша А).

Зерттеу ұсыныстары мен нәтижелерін, ішкі аудит жүйесін ұйымдастырып, тиімді жүргізуде ҚР екінші деңгейлі банктерінде және басқа да ұйымдарда пайдалануға болады.

Жұмыстың мақұлдануы және жүзеге асырылуы. Диссертацияның негізгі жағдайлары, қорытындылары және тәжірибелік нәтижелері халықаралық конференцияларда баяндалды; 8 жарияланымдарда бейнеленген. Оның ішінде ҚР БҒМ ұсынған және Scopus мәліметтер базасына кіретін журналдарда мақалалар жарияланды.

Жұмыстың құрылымы мен көлемі зерттеудің мақсаты, міндеттері мен логикасы арқылы анықталады және оның құрамына кіріспе, үш бөлім, қорытынды, әдебиеттер тізімі, қосымшалар кіреді. Жұмыс мазмұндалады және 20 кесте, 37 суреттен тұрады 10 қосымша құжаттан тұрады.